

**С.Сейфуллин атындағы №5 көпсалалы мектеп-лицейі әкімшілік
тексеру жұмысының анықтамасы.**

17.11-18.11.2025ж.

С.Сейфуллин атындағы №5 көпсалалы мектеп-лицейінің әкімшілік тексеру жұмысын жүргізу барысында 10-сыныптар арасында біршама жұмыстар атқарылды.

Әкімшілік бақылаудың мақсаты:

- жалпы білім беретін мекеме қызметінің деңгейін жетілдіру;
- мұғалімдердің шеберлігін арттыру;
- білім беру мекемесінде білім беру сапасын жақсарту.

Әкімшілік тексеру жұмысын жүргізу мақсатында жоспар құрылып, әртүрлі іс-шаралар жүргізіліп жатыр.

Ақпан айында биология, физика, қазақ тілі, химия, математика, география пәндерінен әкімшілік бақылау жұмыстары алынды.

10 «А» сынып. Биология. Пән мұғалімі Кабжанова Г.Ж. 10 сынып оқушылары тақырыптар бойынша берілген мақсаттарды толық меңгермеген, өте төмен көрсеткіш көрсеткен оқушылар бар.

АТФ жасушасының құрылысы тақырыбы бойынша оқушылар тапсырмаларды толық орындай алмаған, АТФ құрылысын толық жазбаған. Кейбір оқушылар тест тапсырмаларының өзін белгілемей кеткен.

Жасуша мембранасы арқылы тасымалдану типтерін толық жазып көрсетпеген.

(«20»-8; «19»-7; «18»-4;)

«5» – 19;

Барлық оқушы саны – 19

Жазғаны – 19

Білім сапасы – 100% Оқу үлгерімі -100%

Пән: физика.Пән мұғалімі Калтенова З.К.

Тапсырмаларды орындау барысында оқушыларға туындаған қиындықтар тізбесі:

1. 5 оқушы «Сәйкестендіру»тапсырмасында қателер жіберген.4 оқушы График есепте үдеудің формуласын қолдана алмаған.5 оқушы идеал жылу машинасының қыздырғышының температурасын өрнектеуде қателіктер жіберген. 2 оқушы тапсырмаларды орындай алмаған. Сонымен бірге есептер шығару барысында, өлшем бірліктерді ХЖ ға айналдыруда,математикалық есептеулерде қателіктер жіберген.

2.Жоспарланған түзету жұмысы:Қатемен жұмыс жүргізілді.Осы мақсатқа қосымша есептер шығарылды. («20»-4; «19»-8; «18»-3; «17»-4;)

«5» - 19;

Жалпы оқушы саны: 19

Қатысқан оқушылар: 19

Білім сапасы – 100 % Оқу үлгерімі -100 %

Пән: қазақ тілі. Пән мұғалімі Наурызбаева Б.К. Оқушыларға 2 тапсырма берілді.

1. *Үзіндіні жалғастырып хат жазу*
2. *Синтаксистік талдау*

Нәтижесінде көркемдегіш құралдары пайдаланып жазған оқушылар аз болды. Мәтіні қарапайым, тапсырма дескрипторын ескермеген оқушылар бар. оқушылармен синтаксистік талдаулар бойынша жұмыс жасау керек. («20»-6; «19»-8; «18»-5;) «5» - 19;

Жалпы оқушы саны: 19

Қатысқан оқушылар: 19

Білім сапасы – 100 % Оқу үлгерімі -100 %

Пән:химия Пән мұғалімі Насырова Б.А. 10 оқушы әкімшілік бақылуға қатысты, оның ішінде 9 оқушы күрделі заттың массасын анықтай алмайды. 10 оқушы массалық үлесті табуда қиналды. 10 оқушы зат мөлшерін есептеуді және формула табуда қиналды. («20»-3; «19»-7; «18»-8; «17»-1;) «5» - 19;

Жалпы оқушы саны: 19

Қатысқан оқушылар: 19

Білім сапасы –100 % Оқу үлгерімі -100 %

Пән:математика. Шаяхметова М.Н.

Жіберілген қателіктер:

10.2.1.3 - функция қасиеттерін анықтай алу, анықталу облысын табу (10 оқушы)

10.2.3.3 - арксинус, арккосинус, арктангенс, арккотангенс анықтамаларын білу және олардың мәндерін таба білу; (7 оқушы)

10.2.3.8 - қарапайым тригонометриялық теңдеулерді шеше алу; (5 оқушы)

10.2.1.10 - көпмүше түбірлерін табу үшін Горнер схемасын қолдану; (2 оқушы)

10.4.1.14 - шектерді есептеуде $\frac{0}{0}$; $\frac{\infty}{\infty}$ және $\infty - \infty$ түріндегі анықталмағандықтарды ашу әдістерін қолдану (4 оқушы)

(«20»-2; «19»-1; «17»-3; «16»-4; «15»-8; «13»-1)

«5» - 6; «4» - 12; «3» - 1;

Жалпы оқушы саны: 19

Қатысқан оқушылар: 19

Білім сапасы – 95 % Оқу үлгерімі -100 %

Пән: география. Пән мұғалімі Искакова О.С.

Оқушылар тақырыптарын түсінген.

(«20»-4; «19»-6; «18»-6 «17»-3;)

«5» - 19;

Жалпы оқушы саны: 19

Қатысқан оқушылар: 19

Білім сапасы – 100 % Оқу үлгерімі -100%

Ұсыныс:

1. Жіберген қателері бойынша жеке жұмыс жасау
2. Оқу сапасын жақсарту
3. Әр пән бойынша тақырыпты қайталау, қатемен жұмыс жасау
4. Жоспарға сәйкес үлгерімі төмен оқушымен жұмыс жасау
5. Ата-аналарға жұмыстары жайлы нұсқаулық беру
7. Факультатив сабақтарында тест жұмыстарын жүргізіп отыру
8. 2 және 3 алған оқушылармен косымша жұмыс жасау.

Мектеп басшысы:  О.С. Искакова

Басшының бейіндік оқыту бойынша орынбасары:  Наурзбаева Б.К.